

Т.С. Нурышева

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы, Астана, Қазақстан
(E-mail: Nurysheva_T@mail.ru)

Мемлекеттік басқару жүйесінің конституциялық негіздері: Қазақстан және Нидерланды Патшалығы (салыстырмалы талдау)

Мақалада Қазақстан мен Нидерланды Патшалығының конституциялық негіздеріне, халықаралық ресми қайнар көздерге, әлемдік тәжірибеде бекітілген параметрлерге сүйене отырып, компаративтік зерттеу барысында екі елдің мемлекеттік басқару жүйесіне талдау жасалды. Сонымен қатар тәжірибе алмасу мақсатында екі мемлекеттің басқару жүйесінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау үшін мемлекеттік басқару сапасын бағалаумен байланысты алты, атап айтқанда: тұрғындардың пікірлерін есепке алу және мемлекеттік органдардың есептілігі; саяси тұрақтылық және күш көрсетудің болмауы; үкімет қызметінің тиімділігі; нормативтік-құқықтық реттеу; заңның жоғарылығы; сыбайлас жемқорлықпен күрес атты негізгі параметрлер қамтылды. Мемлекеттік басқару сапасын бағалауда қолданылған параметрлердің негізінде Нидерланды Патшалығының мемлекеттік басқару үлгісінің тиімділігі көрсетілді, әрі мемлекеттік басқарудың объективті негіздерін ескере отырып, Қазақстанның мемлекеттік басқару ерекшеліктері қарастырылды.

Кілт сөздер: Қазақстан Республикасы, Нидерланды Патшалығы, конституциялық негіздер, мемлекеттік басқару жүйесі, салыстырмалы талдау, әлемдік тәжірибеде бекітілген көрсеткіштер.

Мемлекеттік басқару, мәніне қарай, әлеуметтік басқарудың бір бөлігі болғандықтан, адаммен, оның қызметімен байланысты қоғамдық институт болып табылады. Сондықтан мемлекеттік басқарудың ерекшелігі қоғамның әлеуметтік құрылымымен, мемлекет институтының әлеуметтік функцияларымен байланысты қарастырылады. Кез келген мемлекеттің басқару жүйесін зерттеу барысында ең бастысы сол мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздерін айқындаудан бастау алады.

Қазақстан Республикасының 1995 ж. Конституциясының 1-б. 1-т.: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», — деп көрсетілген [1]. Сондықтан да аталып өткен конституциялық құндылықтарды қанағаттандыру үшін мемлекеттік басқару жүйесі, дамыған мемлекеттердің тәжірибесін негізге ала отырып, тиісті деңгейде зерделеуді қажет етеді.

Мемлекеттік басқарудың мәнін түсіну үшін қай мемлекеттің болсын типологиялық сипаттамасы, оның қазіргі таңдағы қоғамдық функциясы жан-жақты ескерілуі тиіс. Мемлекеттік басқару жүйесіне объективтік негіздер мен субъективтік факторлар да әсер етеді [2; 87]. Дегенмен, бұл мәселелерді шешу барысында өзге мемлекеттердің мемлекеттік басқарудағы тиімді және нәтижелі тәжірибесін зерттеу маңызды болып табылады. Осы ретте сарапшылардың көбі Нидерланды Патшалығының мемлекеттік басқару моделінің тиімділігін көрсетеді. Бұған дәлел – әлемдік рейтингтер мен жүргізілген талдаулар.

Осы тұрғыдан алғанда зерттеліп отырған мәселе Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Патшалығының мемлекеттік басқару жүйесінің конституциялық негіздерін ашу әрі талдауға арналғандықтан, оның өзектілігін арттырады.

Қазақстан Республикасының Президенті «Мемлекеттік құрылыстың одан арғы 100 нақты қадамы» атты Ұлт Жоспарында жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және жаңа тарихи жағдайларда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру мақсатында кәсіби мемлекеттік аппарат құруға, заңның үстемдігін қамтамасыз етуге, индустрияландыру және экономикалық өсімге, есеп беретін мемлекетті қалыптастыруға қатысты нақты қадамдарды айқындаған [3].

Жалпы алғанда, мемлекеттік басқаруы тиімді мемлекеттерге салыстырмалы талдау жасау, ол модельді толық көшіруге жол бермеуге тиіс, дегенмен, қандай да бір мемлекеттердің басқару жүйесін зерделеу барысында, ол мемлекеттердің басқару, құрылыс нысандары мен режиміне, объективтік негіздеріне жан-жақты мән беру қажеттігі туындайды [4; 6].

Әр мемлекеттің басқару жүйесі әр түрлі болып табылатындықтан, Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Патшалығының мемлекеттік басқару жүйесіне жеке-жеке, әрі олардың айырмашылығы мен ұқсастықтарына тоқталып өтсек.

Нидерланды Патшалығы – Батыс Еуропада орналасқан, басқару нысаны — конституциялық монархия. Астанасы Амстердам қаласы болып табылады. Халқының 50 % астамы – католиктер, 40 % – протестантар. Тұрғындарының 96 % голландықтар, қалғаны — өзге ұлт өкілдері. Жоғарғы заң шығару органы – екі палатадан (бірінші және екінші) тұратын Бас Штаттар. Әкімшілік жағынан 12 провинцияға бөлінеді. Ресми негізде мемлекеттің басшысы – Патша, алайда билік Министрлер Кабинетінің қолында шоғырланған.

Нидерланды Патшалығында заң шығару құзыретіне – Патша, Бас Штаттар, Үкімет ие болып табылады. Парламент екі палатадан тұрады: бірінші палатада – 75 орын болса, екінші палатада 150 орын бар. Биліктің басым бөлігіне ие парламенттің екінші палатасы 4 жылға сайланады.

Әр мемлекеттің жалпы сипаттамасы 1-кесте берілді [1, 5-7; 131]:

1 - кесте

Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Патшалығы туралы жалпы мағлұматтар

Ресми атауы	Қазақстан Республикасы	Нидерланды Патшалығы
Астанасы	Астана	Амстердам
Орналасқан жері	Азия (Орталық Азия)	Еуропа (Батыс Еуропа)
Аумағы	2,724,990 км ²	41,526 км ²
Тұрғындары	17,670,957 адам	17,004,993 адам
Тәуелсіздігі жарияланған күн	1991 жылдың 16 желтоқсаны (КСРО-нан)	26 шілде 1581 ж. жарияланды; 30 қаңтар 1648 ж. мойындалды (Испаниядан)
Ресми тілі	Қазақ тілі, орыс тілі	Нидерланд тілі
Әкімшілік бірлік	14 облыс және 2 республикалық маңызы бар қалалар	12 провинция, 647 муниципалитет
Басқару нысаны	Президенттік республика	Конституциялық монархия
Мемлекеттік құрылыс нысаны	<i>Біртұтас</i>	<i>Біртұтас</i>
Мемлекет басшысы	Президент, 5 жылдық өкілеттілік мерзімге сайланады	Патша Виллем-Александр, Премьер-министрі Марк Рютте
Жоғары өкілді орган	<i>Екі палаталы парламент</i>	<i>Екі палаталы парламент</i>
Жоғарғы атқарушы орган	Үкімет	Министрлер кабинеті
Құқықтық жүйе	<i>Романо-германдық</i>	<i>Романо-германдық</i>
Ақша бірлігі	Теңге (KZT)	Еуро (€)
ISO коды	KAZ	NL

*Ескерту. Екі мемлекеттің басқару жүйесін салыстыруға негіз болған мәліметтер қурипен беріліп отыр.

Жоғарыда атап өткендей, қандай да бір мемлекеттердің мемлекеттік басқару жүйесіне салыстырмалы талдау жасау үшін, олардың мемлекеттік нысанында ұқсастықтар болуы міндетті шартқа жатады. Сондықтан мемлекеттік басқару жүйелері қарастырылып отырған екі мемлекеттің жалпы сипаттамасынан оларды салыстыруға негіз болатын ұқсастықтар айқындалды, атап айтқанда: мемлекеттік құрылыс нысаны – біртұтас; тұрғындарының саны да шамамен бірдей; жоғары өкілді орган – бикамералды және құқықтық жүйесі романо-германдық болып табылады. Яғни анықталған бұл ұқсастықтар екі мемлекеттің басқару жүйесін салыстыруға және мемлекеттік басқару тиімділігін арттыруда өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Екі елдің қатынастары 1991 ж. 31 желтоқсанда Нидерланды Патшалығының Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігін мойындауымен басталды. 1992 ж. 10 қыркүйекте дипломатиялық қатынастар орнатылды. 2000 жылы 20 желтоқсанда – Атырау қаласында Нидерландының құрметті консульдығы ашылды. 2003 ж. 17 маусымда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен Амстердам қаласындағы Қазақстан Республикасының Бас Консульдығы құрылды. 2002 ж. Беатрикс Патшайымның шақыруымен 2002 ж. 27-28 қарашадағы Президент Н.Ә. Назарбаевтың Нидерландыға ресми сапары Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Патшалығы арасындағы қатынастардың қалыптасуындағы маңызды кезеңі болып табылады.

Төменде екі елдің ынтымақтастығы туралы келесі деректерді келтіреміз:

1. Қазақстан энергетикалық ынтымақтастық мәселелерінде Нидерланды үшін ең басым төрткікке кіреді.
2. 10 жылда – 2005–2015 жж. аралығында – Нидерланды біздің елге 58 млрд доллардан астам инвестиция құйды.
3. Қазақстанда голландиялық капиталдың қатысуымен 952 бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді.
4. Голландиялық Роттердам қаласында алаңдардың бірі «Астана» деп аталады.
5. УЕФА аясында Қазақстан футбол құрамасы алғаш жеңіске голландиялық бапкер Арно Пайперстің басшылығымен жетті.

Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Патшалығының басқару құрылымы, басқару стратегиялары әр түрлі болғанымен, көптеген ұқсастықтары бар. Осы ұқсастықтарды Қазақстан өзінің мемлекеттік басқару жүйесін жақсарту үшін қолдана алады.

Нидерландының алғашқы Конституциясы 1815 ж. қабылданған. Бұл құжатта басым билік патшаға берілген. Қазіргі Конституция 1848 ж. Виллем II Патшаның қалауымен жазылған. Аталған құжаттан кейін Нидерланды абсолюттік монархиядан конституциялық монархияға ауысқан алғашқы Еуропа мемлекеттерінің бірі болды.

Жалпы алғанда кез келген мемлекеттің басқару жүйесін зерделеу барысында оның сол мемлекеттің Конституциясында толық қамтылатыны белгілі. Салыстыруға негіз болып отырған екі мемлекеттің басқару жүйесінің конституциялық бастамасы берілетін Конституцияларына талдау жасау да маңызды болып табылатыны сөзсіз. Сондықтан Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Патшалығының Конституциясына салыстырмалы талдау 2-кесте беріледі [1, 5-7; 132].

2 - кесте

Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Патшалығының Конституциясына салыстырмалы талдау

Мемлекет	Қазақстан Республикасының Конституциясы	Нидерланды Патшалығының Конституциясы
Қабылданған жылы	1995 ж. 30 тамыз	1983 ж. 17 ақпан
Бөлім саны	9	8
Бөлім атаулары	I-бөлім. Жалпы ережелер II-бөлім. Адам және азамат III-бөлім. Президент IV-бөлім. Парламент V-бөлім. Үкімет VI-бөлім. Конституциялық кеңес VII-бөлім. Соттар және сот төрелігі VIII-бөлім. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару IX-бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелер	I-бөлім. Негізгі құқықтар II-бөлім. Үкімет 1-тарау. Патша 2-тарау. Патша және министрлер III-бөлім. Бас штаттары 1-тарау. Ұйымдастыру және құрамы 2-тарау. Рәсім IV-бөлім. Мемлекеттік кеңес, Бас есеп палатасы және тұрақты кеңес органдары V-бөлім. Заң шығару және мемлекеттік басқару 1-тарау. Парламент актілер мен өзге де нормативтік актілер 2-тарау. Өзге ережелер VII-бөлім. Сот төрелігі VIII-бөлім. Провинциялар, муниципалитеттер, су бакылау және басқа да органдар VIII-бөлім. Конституцияны қайта қарау
Баптар саны	98-бап	142-бап

*Ескерту. Автормен құрастырылған.

Берілген кестеден екі мемлекеттің басқару жүйесінің конституциялық негіздерінде ерекшеліктер бар екендігін байқауға болады, мәселен, конституция құрылымында берілген атаулар мен институттардың орналасу тәртібі. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Конституциясының I бөлімінде конституциялық құрылыс негіздері толық қамтылып өтеді және «Мемлекеттік басқару» деп аталатын жеке бөлім берілмеген. Ал Нидерланды Патшалығының

Конституциясында «V-бөлім. Заң шығару және мемлекеттік басқару» деп берілген. Яғни «мемлекеттік басқару» түсінігіне конституциялық мән берілген.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесі тәуелсіздік жылдарынан бірталай реформаларды еңсерді. Қазіргі таңда мемлекеттің жаңа бағытына сай мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және дамыту мақсатында негізгі қағидаттар мен тәсілдер белгіленіп отыр.

Жоғарыдағы 1- және 2-кестелерде анықталған мән-жайлар Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Патшалығының мемлекеттік басқару сапасын бағалаудағы кейбір көрсеткіштерге тоқталуға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Халықаралық тәжірибеде бекітілген параметрлер бойынша салыстыру негізінде әлемдік ұйымдардың шығарған рейтингтер мен жүргізілетін талдаулар арқылы екі елдің басқару моделінің оңтайлы жақтарына тоқталып өтсек.

Халықаралық тәжірибеде мемлекеттік басқарудың тиімділігін анықтау үшін әр түрлі көрсеткіштерді алға қояды. Олар Біріккен Ұлттар Ұйымы, Бүкіләлемдік банк, Бүкіләлемдік экономикалық форум, Transparency International сынды халықаралық ұйымдармен әзірленеді.


Мемлекеттік басқарудың сапасы (Governance Matters) – глобалды зерттеу жұмысы, аталған рейтингтің көрсеткіштері Әлемдік Банктің (The World Bank) әдістемесі арқылы жүзеге асады. Бұл зерттеулер 1996 ж. бастап жүргізіледі. Зерттеу жұмысының авторлары: Даниэль Кауфманн, Аарт Край, Массимо Мачруцци.

Мақаламызда мемлекеттік басқару сапасын бағалаумен байланысты алты негізгі параметрлер камтылады, атап айтқанда:

1. *Тұрғындардың пікірлерін есепке алу және мемлекеттік органдардың есептілігі (Voice and Accountability)* – елдің азаматтарының сайлауға қатысу мүмкіндіктері, сөз бостандығы.
2. *Саяси тұрақтылық және күш көрсетудің болмауы (Political Stability and Absence of Violence)* – үкіметтің тұрақсыздығына конституциялық емес әдістермен немесе күш көрсету арқылы әсер ету деңгейі.
3. *Үкімет қызметінің тиімділігі (Government Effectiveness)* – мемлекеттік қызмет көрсету саласын бағалау, мемлекеттік қызметшілердің жұмысының саласы, олардың саяси қысымнан тәуелсіздігінің деңгейі.
4. *Нормативтік-құқықтық реттеу саласы (Regulatory Quality)* – жеке секторды дамытуға мүмкіндік беретін нормативтік-құқықтық актілер мен негізделген саясатты әзірлеудегі үкіметтің қабілетін бағалау.
5. *Заңның жоғарылығы (Rule of Law)* – әр түрлі субъектілердің қолданыстағы нормаларға және ол нормаларды сақтаумен байланысты сенім білдіру, оның ішінде шарттарды міндетті түрде орындату, жеке меншікті қорғау, құқыққорғау органдарының жұмысы, қылмыстық деңгейді бағалау.
6. *Сыбайлас жемқорлықпен күрес (Control of Corruption)* – мемлекеттік билік ету өкілеттігін жеке басының мақсатына пайдаланудың таралымын бағалау.

Диаграммалардағы көрсеткіштер 2010–2015 жж. аралығында анықталған, әрі 215 мемлекеттің арасында жүргізілген. Рейтинг төмен болған сайын мемлекеттің басқарудың сапасы төмендейді. Мемлекеттерді бағалау көрсеткіштері 0-ден 100-ге дейінгі аралықта жүзеге асады.


Қазақстан Республикасының әлемдік деңгейдегі мемлекеттік басқаруының сапасын 1-диаграммада көре аласыздар. Аталған рейтинг Әлемдік Банктің зерттеу нәтижелерінен алынған [8].



*Ескерту. Мемлекеттік басқару сапасын бағалаумен байланысты алты негізгі параметрлер негізінде автормен құрастырылған.

1-диаграмма. Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқаруының сапасы


Нидерланды Патшалығының әлемдік деңгейдегі мемлекеттік басқаруының сапасын 2-диаграммадан көре аласыздар. (Аталған рейтинг Әлемдік Банктің зерттеу нәтижелерінен алынған [8]).



*Ескерту. Мемлекеттік басқару сапасын бағалаумен байланысты алты негізгі параметрлер негізінде автормен құрастырылған.

2-диаграмма. Нидерланды Патшалығының мемлекеттік басқаруының сапасы

Диаграммалардағы көрсеткіштерді қорытындылай келетін болсақ, Нидерланды Патшалығының мемлекеттік басқару жүйесіндегі сапаның жоғарылығын байқаймыз. Атап айтқанда, сандық көрсеткіштерді жеңілдету үшін сарапшылар бағалау жүйесін 7 баллдық шкалада пайдаланады, яғни «1» – ең жоғарғы көрсеткіш, 90-100 % аралығы; «2» – 75-90 % аралығы; «3» – 50-75 % аралығы; «4» – 25-50 % аралығы; «5» – 10-25 % аралығы; «6» – 0-10 % аралығы; «7» – 0 % көрсеткіштерін шығарады.



*Ескерту. Мемлекеттік басқару сапасын бағалаумен байланысты алты негізгі параметрлер негізінде автормен құрастырылған.

3-диаграмма. Мемлекеттік басқару сапасының шкалдық көрсеткіштері

Жоғарыдағы 3-диаграммаға сәйкес Нидерланды Патшалығының «Саяси тұрақтылық және күш көрсетудің болмауы – Political Stability and Absence of Violence» көрсеткіші «2», басқа барлық көрсеткіштері «1» баллдық шкалада орналасқан. Ал Қазақстан Республикасының «Тұрғындардың пікірлерін есепке алу және мемлекеттік органдардың есептілігі – Voice and Accountability» және «Саяси тұрақтылық және күш көрсетудің болмауы – Political Stability and Absence of Violence» бойынша – «5» баллға, өзге көрсеткіштері бойынша – «4» баллға ие.

Қазіргі мемлекеттік басқару жүйесінің алдыңғы қатарда дамып келе жатқан салаларының бірі – электрондық үкімет. Электрондық үкімет – ақпараттық-коммуникативтік органдар, халық және бизнестің өзара іс-әрекеттерінің жүйесі.

«Электрондық үкімет» («Электрондық үкіметтің» тиімділігі) термині барлық мемлекеттік органдардың басын біріктіріп, оларға интернеттің, электронды терминалдардың немесе тіпті ұялы телефондардың көмегімен тұрғындарға қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін біртұтас жүйені

білдіреді. Жеке тұлғаларға ғана емес, компания мен кәсіпкерлерге де. Мұнда мемлекет, бизнес және азаматтар арасындағы өзара қарым-қатынасты электронды үкімет ішіндегі G2C (мемлекет — азаматтар) G2B (мемлекет — бизнес) және G2G (мемлекет — мемлекет) деп аталатын негізгі модельдер атқарады.

Екі мемлекеттің электрондық үкіметіне салыстырмалы талдау жасайтын болсақ, мынадай қорытындыларға келеміз. Қазақстан Республикасы 2013 ж. 0,6844 индексмен 38 орында болса, Нидерланды Патшалығы 0,9125 индексмен 2 орында болды. 2014 ж. Қазақстан 10 орынға көтеріліп, 0,7283 индексмен 28 орынға тұрақтады, ал Нидерланды 0,8897 индексмен 5 орынға түсті [9]. Аталған көрсеткіштерді Біріккен Ұлттар Ұйымы 2003 ж. бастап 193 мемлекеттің арасында жүргізеді. Осы зерттеуде қамтылған жалпы индекс саны үш дерекке қарай анықталады:

- интернет-қызмет көрсету саласының деңгейі;
- АКТ-инфрақұрылымының даму деңгейі;
- адами капитал.

Жалпы Нидерландының электрондық үкіметінің жоғарғы деңгейде екені белгілі, алайда «Үкімет қызметінің тиімділігі (Government Effectiveness) – мемлекеттік қызмет көрсету саласын бағалау» (Электрондық үкімет) параметрі бойынша Қазақстандағы жағдай да жоғарғы деңгейде екендігін байқауға болады.

Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Патшалығының сыбайлас жемқорлықты қабылдау, жаһандық бәсекеге қатысу, бизнесті жүргізу индекстеріне тоқталып өтсек.


Келесі әлем елдерінің сыбайлас жемқорлығының деңгейін анықтайтын Transparency International халықаралық ұйымы. 1996 ж. бастап аталған ұйым мемлекеттердің көрсеткішін айқындап, сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексін (The Corruption Perceptions Index) жариялайды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.

Сыбайлас жемқорлық — мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің парақорлығы.

Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі елдердегі мемлекеттік қызметшілер мен саясаткерлердің арасында сыбайлас жемқорлықтың таралуына байланысты анықталады. Индексті анықтар кезде 0-ден 100-ге дейінгі шкала қолданады. «0» шкаласы ең төмен көрсеткіш болса, «100» шкаласы ең жоғарғы болып табылады.

Қазақстан Республикасы рейтингке 1999 ж. бастап қосылды. Төменде 4-диаграммада көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі Нидерланды Патшалығынан шамамен 3 есе төмен. Оған қоса Нидерланды Патшалығы соңғы бес жыл ішінде 173 мемлекеттің ішінде алдыңғы бестікке кірді.



*Ескерту: Автормен құрастырылған.

4-диаграмма. Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі

Ұсынылып отырған диаграммаға сәйкес, «Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі» бойынша Нидерланды Патшалығының индексі жалпы шкаланың 83–84 % ие болса, Қазақстан Республикасының индексі 27–28 % қамтиды. (Аталған рейтинг Transparency International халықаралық ұйымының зерттеу нәтижелерінен алынған [10]).

Бұл көрсеткіштер қарастырылып отырған мәселенің Қазақстандағы өзектілігін арттыра түсіреді, ал Нидерланды Патшалығының басқару жүйесі моделінің тиімділігі айқын байқалады. Қазақстан мен Нидерланды Патшалығының мемлекеттік басқару жүйесіне жүргізілген салыстырмалы талдаулардың негізінде мемлекеттің даму тенденцияларын анықтауға болады.

Transparency International халықаралық ұйымының *сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексіне (The Corruption Perceptions Index)* сәйкес, Нидерланды Патшалығы халықаралық деңгейде сыбайлас жемқорлықты тыя білген мемлекеттердің ішіне кіреді, сондықтан олардың стратегиялық нұсқауын Қазақстан Республикасы тәжірибе жүзінде жүргізе алады.

Мемлекеттік басқару жүйесін дамытатын тағы бір фактор ретінде тұрғындардың пікірлерін есепке алуға тоқталсақ, Нидерланды Патшалығында жыл сайын мемлекет тұрғындарына арнайы сауалнама қойылады. Бұл сауалнамада жыл бойы көтерілген мәселелер қозғалады және тұрғындардың әлеуметтік жағдайы қамтылады. Тұрғындардың пікірін білдіретін БАҚ-тың (бұқаралық ақпарат құралдары) сөз бостандығының әлемдік рейтингісінде Нидерланды 2015 ж. 2 орынды иеленсе, Қазақстан 161 орынға тоқталды. Аталған жайт мемлекетіміздің демократиялық институттарын дамыту қажет екендігін айқындайды.

Қорыта келгенде, жүргізілген салыстырмалы талдаулар барысында Нидерланды Патшалығының басқару жүйесі моделінің тиімділігі айқындалды, дегенмен, Қазақстан Республикасы және Нидерланды Патшалығының басқару жүйесінің конституциялық негіздерін қарастыру арқылы екі мемлекеттің мемлекеттік құрылыс нысаны, халық саны жағынан бірдейлігі, құқық жүйесінің және заң шығарушы орган құрылымының ұқсастығы, жоғарыда берілген параметрлер тұрғысынан Қазақстан Республикасының да мемлекеттік басқару жүйесінің сапасын арттыруға негіз ретінде ұстануға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 ж. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_.
- 2 Атаманчук Г.В. Теория государственного управления: курс лекций / Г.В. Атаманчук. — 4-е изд. — М.: Омега – Л, 2006. — 584 с.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Ұлт жоспары — бес институционалдық реформаны жүзеге асырудың 100 нақты қадамы. [Электрондық ресурс] / Н.Ә. Назарбаев. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100>.
- 4 Федотова З.Л. Государственное управление: Канада – Республика Казахстан (сравнительный анализ) / Сравнительный анализ государственного управления: Республика Казахстан и Канада: сб. / З.Л. Федотова. — Астана: Акад. гос. упр. при Президенте РК, 2014. — 84 с.
- 5 Конституция Королевства Нидерландов. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: Правовая библиотека Legalns.com.
- 6 Окуньков А.А. Конституция государств Европейского союза / А.А. Окуньков. — М.: Изд. группа ИНФРА – НОРМА, 1997. — 816 с.
- 7 Национальные парламенты мира: энцикл. справ. / А.Х. Саидов; РАН; Ин-т государства и права. — М.: Волтерс Клувер, 2005. — 720 с.
- 8 Результаты исследований Всемирного банка по оценке качества государственного управления в странах мира. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: www.worldbank.org.
- 9 Результаты исследований Организации Объединенных Наций по формированию глобального рейтинга стран мира по уровню развития электронного правительства. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: www.unpan.org.
- 10 Результаты исследований по восприятию уровня коррумпированности государственного сектора Международной организации Transparency International. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: www.cpi.transparency.org.

Т.С. Нурышева

Конституционные основы системы государственного управления: Казахстан — Королевство Нидерландов (сравнительный анализ)

В статье рассмотрены конституционные основы государственного управления Республики Казахстан и Королевства Нидерландов. Проведено компаративистское исследование на основе официальных источников и параметров, установленных в международной практике. При оценке качества государственного управления двух государств были использованы следующие основные параметры: отчетность государственных органов и учет мнения населения; политическая стабильность и отсутствие насилия; эффективность Правительства; нормативно-правовое регулирование; верховенство закона; борьба с коррупцией. Проведенный сравнительный анализ с использованием перечисленных выше параметров, в целях обмена опытом в рамках системы государственного управления, показал сходства и различия между двумя странами, эффективность модели государственного управления Королевства Нидерландов, а также особенности Казахстана, принимая во внимание объективные основы государственного управления.

Ключевые слова: Республика Казахстан, Королевство Нидерландов, конституционные основы, система государственного управления, сравнительный анализ, параметры, установленные в мировой практике.

T.S. Nuryшева

Constitutional bases of the system of public administration: Kazakhstan is Kingdom of Netherlands (comparative analysis)

The article discusses the constitutional foundations of public administration of the Republic of Kazakhstan and the Kingdom of the Netherlands, conducted comparative research based on official sources and the parameters established in international practice. For the estimation of quality of public administration of two states next basic parameters were used: Accounting of public organs and account of opinion of population; Political Stability and Absence of Violence; Government Effectiveness; Regulatory Quality; Rule of Law; Control of Corruption. A comparative analysis, with the use of the above-stated parameters, in order to exchange experience within the framework of the public administration system, showed the similarities and differences between the two countries, the effectiveness of the model of government of the Kingdom of the Netherlands, and especially Kazakhstan, taking into account the objective foundations of public administration.

Keywords: Republic of Kazakhstan, Kingdom of Netherlands, constitutional bases, system of public administration, comparative analysis, parameters set in world practice.

References

- 1 Kazakhstan Respublikasynyn Konstitutsiiasy 30.08.1995 [Constitution of Republic of Kazakhstan. 30.08.1995]. *adilet.zan.kz* Retrieved from http://adilet.zan.kz/eng/docs/K950001000_ [in Kazakh].
- 2 Atamanchuk, G.V. (2006). *Teoriia gosudarstvennogo upravleniia: kurs lektsii [Theory of public administration: course of lectures]*. (4d ed.). Moscow: Omega – L [in Russian].
- 3 Nazarbaev, N.A. Ult zhospary — bes institutsionaldyk reformany zhyzehe asyru dyn 100 nakty kadamy [A plan of nation is 100 steps on realization of five institutional reforms]. *adilet.zan.kz* Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100> [in Kazakh].
- 4 Fedotova, Z.L. (2014). Gosudarstvennoe upravlenie: Kanada – Respublika Kazakhstan (sravnitelnyi analiz) [State administration: Canada – Republic of Kazakhstan (comparative analysis)]. *Sravnitelnyi analiz gosudarstvennogo upravleniia: Respublika Kazahstan i Kanada – Comparative analysis of state administration: Republic of Kazakhstan and Canada*. Astana: Academy of public administration at President RK [in Russian].
- 5 Konstitutsiia Korolevstva Niderlandov [Constitution of Kingdom of Netherlands]. *Pravovaia biblioteka – The Legal library of Legals.com*. Retrieved from Legals.com [in Russian].
- 6 Okunkov, A.A. (1997). Konstitutsiia gosudarstv Evropeiskogo Soiuz – Constitution of the states of European Union, Moscow: Publ. group INFRA – NORM [in Russian].
- 7 Saidov, A.Kh. Natsionalnye parlamenti mira: entsikl. sprav. (2005). RAN; In-t gosudarstva i prava [National parliaments of the world: encyclopaedic reference book. / A.Kh. Saidov; RAS; Institute of the state and right, Moscow: Volters Kluver [in Russian].
- 8 Rezultaty issledovaniia Vsemirnogo banka po otsenke kachestva gosudarstvennogo upravleniia v stranah mira [Results of researches of the World bank as evaluated by quality of state administration in the countries of the world]. Retrieved from www.worldbank.org [in Russian].

9 Rezultaty issledovaniy Orhanizatsii Obedinennyh Natsii po formirovaniyu globalnogo reitinha stran mira po urovniu razvitiia ielektronnoho pravitelstva [Results of researches of United Nations on forming of the global rating the world country on the level of development of e-government]. Retrieved from www.unpan.org [in Russian].

10 Rezultaty issledovaniy po vospriiatiiu urovnia korrumpirovannosti hosudarstvennoho sektora Mezhdunarodnoi orhanizatsii Transparency International [Results of researches to perception of level of corrupted of public sector of International organization of Transparency International]. Retrieved from www.cpi.transparency.org [in Russian].

Репозиторий Қарғу